


**Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық)
жанындағы интернаттың арнайы педагогі Жұмабай Айжан
Болатқызының 2023-2024 оқу жылына жылдық рефлексиялық есебі**

Арнайы педагогтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.



Инклюзивті білім беру дәрісханасы



Ұйымдастырушылық жұмыс

Қыркүйек айының 1-15 аралығында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға терең педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б), оқушылардың негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің бланкілері дайындалды. Оқу жетістіктерінің бланкілері негізгі пәндердің (математика, қазақ тілі) оқу бағдарламаларының мазмұны негізінде жасалды. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы, жылдық жұмыс жоспарлары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

Арнайы педагогикалық диагностикаға ПМПК қорытындысы бар 9 оқушы және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша (7-форма) ерекше білім беру қажеттіліктері бар 2 оқушы диагностикаға алынды. Барлығы 11 оқушы арнайы педагогикалық диагностикадан өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-логопед, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а, 2б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативті паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Терең арнайы педагогикалық диагностикада оқушылардың негізгі пәндердің оқу бағдарламаларын (математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану) меңгеру деңгейі анықталды, оқу жетістіктерінің карталары толтырылды. Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін арнайы мамандар (арнайы педагог, педагог-логопед, педагог-психолог, әлеуметтік педагог) анықтап, ұжымдық талқылау жүргізілді. (Әр оқушыға 3-форма, 4-форма, 5-формалары толтырылды).

ПМПК қорытындысы және терең педагогикалық диагностика нәтижесінде 1 тоқсанда 2 оқушыға, 2 тоқсанда тағы бір балаға жеке оқу бағдарламалары әзірленді.

Оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке және бейімделген оқу бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді. Түзете-дамыту сабақтары екі негізгі пәнді біріктіре отырып өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ереше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары және оқу жетістіктері карталары толтырылды. Бірінші жартыжылдықтан кейін және оқу жылының соңында түзете-дамыту жұмыстарына мониторинг жасалды. 1 оқушы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының шешімімен ПМПК жолданды. Жеке оқу бағдарламасымен оқитын оқушыларда негізгі пәндер бойынша динамика байқалады (жетістіктер картасында белгіленді).



Жаңа жылдық көңіл күй




Оқушылармен өткізілген іс-шаралар



Сурет байқаулары

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2023 жылдың 1-15 аралығында ЕББҚ ететін оқушылардың сынып жетекшілері мен мектеп мұғалімдеріне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) және 10 ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.





Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернаттың логопеді Жұмабай Айжан Болатқызының 2023-2024 оқу жылына жылдық рефлексиялық есебі

Логопедтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы логопедиялық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ жылдық жұмыс жоспары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, мектеп логопедінің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б) дайындалды.

**Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және
оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау**

1-15 қараша аралығында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға кешенді логопедиялық диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде педагог-логопедтің түзете-дамыту сабақтарына 10 бала тіркеуге алынды.

ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес 10 оқушы және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша (7-форма) оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар сөйлеу тілінде бұзылыстары бар 4 білім алушыға логопедиялық диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды.

ЖСТД 1-деңгейімен 3 оқушы, ЖСТД 2-деңгейімен 3 оқушы, ЖСТД 3-деңгейімен 4 оқушы, дыбыс айту бұзылыстары бар – 2 оқушы, жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар – 2 оқушы тізімге алынды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-логопед, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативі паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқыланды (Әр оқушыға 3-форма, 4-форма, 5-формалары толтырылды).

ПМПК қорытындысы және логопедиялық диагностика нәтижесінде 16 білім алушыға жеке дамыту бағдарламалары әзірленді.

Оқушыларды логопедиялық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ереже білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары толтырылды.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 10 ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

Оқу жылының басында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына жеке кеңестер беріліп, білім алушылардың тілдік қорытындылары таныстырылды. Логопедиялық үй тапсырмаларының маңызы түсіндірілді.

Логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дыбыс айту бұзылыстарын

түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында 1-сыныптың ата-аналарына арналған шебер сынып өткізілді. Шебер сыныпқа барлығы 5 ата-ана қатысты.

Шебер сыныптың мақсаты: Ата-аналарға дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Шебер сынып жұмысының теориялық бөлімінде сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері, бірінші сынып оқушыларында жиі кездесетін дыбыс айту бұзылыстары, дыбыс айту бұзылыстарының себептері мен салдары туралы толық ақпарат берілді.

Шебер сыныптың практикалық бөлімінде ызың және ысқырық дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен түзетудің әдіс-тәсілдері тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Сонымен қатар, үй жағдайында сонорлы дыбыстар (Р, Л) мен қазақ тіліне тән дыбыстарды түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдері көрсетіліп, практикалық жұмыстар жасалды. Және де биоэнергопластикалық әдістердің маңызы мен пайдасы айтылып, ата-аналармен «Мен көрсетемін, сен айт», «Шармен тепе-теңдік сақта» сияқты кинезиологиялық ойындар мен жаттығулар жүргізілді.

Шебер сыныптың соңында ата-аналармен кері байланыс жасалып, жұмыс қорытындыланды.

Ата аналарды ақпараттандыру мақсатында «Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу тілін түзетудің басты құралы», «Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын-алу» тақырыптарында үлестірмелі материалдар дайындалып, таратылды.

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 7 мектеп мұғаліміне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

Мектеп мұғалімдерімен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне арналған семинар-тренинг өткізілді.

Мектеп мұғалімдерін ақпараттандыру мақсатында «Дислексияны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында жаттығулар мен ойындар кешені құрастырылып, үлестірмелі материалдар таратылды.

Өзін-өзі дамыту

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында Қазақстандық қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығынан «Инклюзивті білім берудің әдістемелік-ұйымдастырушылық негіздері» тақырыбында 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өттім.

Сонымен қатар, Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының, «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жаңа әдістемелік ұсынымдарын қарастырып, мамандыққа қатысты жаңа әдебиеттермен кабинет толықтырылды.

Логопед

Жұмабай А.Б.

**ЕББҚ бар оқушылар жетістіктері
2023-2024 оқу жылы**

1. «Juldyzai -2024» республикалық балалар шығармашылығы фестивалінің аудандық кезеңіне мектебімізден 4 оқушы қатысып, келесі жетістіктерге ие болды:

1. Советов Марғұлан – сертификат; жетекшісі Жұмабай А.Б.
2. Арманұлы Сағыныш – II орын; жетекшісі – Жексенбекова Ж.Т.
3. Есмахай Инабат – III орын; жетекшісі – Даткина А.А.
4. Штыфель Дильназ – II орын; жетекшісі – Жұмабай А.Б.

«Juldyzai -2024» республикалық балалар шығармашылығы фестивалінің облыстық кезеңінде оқушымыз Штыфель Дильназ II орынға ие болды.

2. «Экология және жердің болашағы» аудандық шығармашылық байқауына 8 оқушымыздан 12 жұмыс жіберіліп, келесі жүлделерге ие болды:

1. Аман Бейбарыс – сертификат, жетекшісі – Даткина А.А.
2. Арманұлы Сағыныш – сертификат; жетекшісі – Жексенбекова Ж.Т.
3. Аманкелді Раяна – II орын, жетекшісі – Даткина А.А.
4. Қазыбек Бақнұр – I орын, жетекшісі – Жұмабай А.Б.
5. Қайрат Нұрдәулет – I орын, жетекшісі – Жұмабай А.Б.
6. Советов Марғұлан – II, III орындар ; жетекшісі Асылбекова Ж.М.
7. Олжабай Заңғар – III орын, жетекшісі – Жұмабай А.Б.
8. Есмахай Инабат – III орын; жетекшісі – Даткина А.А.

3. «Шексіз өмір» республикалық балалар шығармашылығы фестивалінің облыстық кезеңіне мектебімізден 4 оқушы қатысып, келесі жетістіктерге ие болды:

1. Әбітай Мерей - сертификат, жетекшісі – Жұмабай А.Б.
2. Аман Бейбарыс – III орын, жетекшісі- Амантаева Н.Т.
3. Есмахай Инабат – III орын; жетекшісі – Даткина А.А.
4. Советов Марғұлан – I орын; жетекшісі Жұмабай А.Б.

«Шексіз өмір» республикалық балалар шығармашылығы фестивалінің Республикалық кезеңіне мектебімізден Советов Марғұлан Жасұланұлы қатысып, жүлделі III орынға ие болды.

Аудандық «Juldyzai-2023» шығармашылық байқауы



Облыстық «Juldyzai-2023» шығармашылық байқауы






Аудандық «Экология және Жердің болашағы байқауы»





Облыстық «Шексіз өмір» байқауы



Республикалық «Шексіз өмір» байқауы



**Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық)
жанындағы интернат**

**Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық)
жанындағы интернаттың арнайы педагог-логопеді**

**Жұмабай Айжан Болатқызының 2023-2024 оқу жылына жылдық
рефлексиялық есебі**

2023-2024 оқу жылы